

«Бекітемін»

Ақкемер жалпы білім беретін орта мектебінің  
директорының заңды өкілі  Буркуталина А.Т.



2023 жыл

**2023-2024 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтің  
жылдық жұмыс жоспары**

Әлеуметтік педагог: Кужаньязова В.Т.

## Ақкемер жалпы білім беретін орта мектебі

### Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы

130 – бұйрық негізінде

**Тақырыбы:** Балалардың әлеуметтену мәселелеріне тоқтатылып, оған заман талабына сай көмек, қолдау көрсету, өмір сүру мүмкіндігіне, әлеуметтік реабилитация мен бейімделуіне, жұмысқа орналасуы мен тұрғын үй кезегімен қамтамасыз ету жұмыстарын талдап, жандандыру.

**Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты:** оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

#### Әлеуметтік педагогтың міндеттері:

- балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндетін атқарады;
- аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
- ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасайды;
- тұл жетім, қамқорлықтағы және қорғаншылықтағы балалармен жұмыс жүргізеді
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
<b>I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу</b>				
1	<p>Ұйымдастырушылық іс-шаралар.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарын құру.</li> <li>- Нормативтік-құқықтық құжаттар базасын жинақтау.</li> </ul>	Тамыз	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Жоспар
2	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Мектепке жол» акциясы аясында мектепшілік құрылған мобильдік топпен бірлесе отырып, мектепке әлеуметтік жағдайларына байланысты келе алмайтын оқушыларды анықтау.</li> <li>- Әлеуметтік көмек алатын отбасыдан шыққан оқушылардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу.</li> </ul>	Тамыз-қыркүйек	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Акция аясында
3	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасынан шыққан балаларды «Жалпыға білім беру қорынан» көрсетілетін қаржылай және материалдық көмекке ұсыну.</li> <li>- Демеушілер тарапынан көрсетілетін қайырымдылық іс шараларын ұйымдастыру.</li> </ul>	Қыркүйек-тамыз	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТДЖО Шабикова Д.Т.	Пед кеңес анықтама
4	<p>-Мектептің әлеуметтік паспортын жасау мақсатында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына сынып жетекшілермен бірлесе отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізу, мектептің әлеуметтік паспортын жасау.</p> <p>-Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ерекше білімді қажет ететін, үйде оқытылатын оқушылар</li> <li>- Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар</li> <li>- Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар</li> </ul>	Тамыз	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т сынып жетекшілер	Мектептің әлеуметтік төлқұжатын әзірлеу

	- Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар - Жартылай жетім отбасынан шыққан оқушылар - Ажырасқан отбасынан шыққан оқушылар - Мектепте оқитын мүгедектігі бар оқушылар - Өгей ата-анамен тұратын оқушылар (өгей әкемен тұратын, өгей анамен тұратын) -Ата-аналардың білімі			
5	Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларын бір мезгіл қоғамдық тамақпен қамту бойынша жұмыстар жүргізу.	Тамыз	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТІЖО Шабикова Д.Т.	Тізім жасақтау
6	Мектеп асханасындағы тамақтануды ұйымдастыру жағдайы	Ай сайын	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТІЖО Шабикова Д.Т.	Мектеп директорының жанындағы кеңес отырысында қаралады
<b>II. Балалық құқығын қорғау жұмысы</b>				
7	Оқушылардың мектеп жағдайындағы құқығын қорғау: тегін ыстық тамақпен, оқулықпен қамтамасыз ету, тәрбие алуын, берілетін көмектен тыс қалдырмау.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т сынып жетекші	Қадағалау
8	Мектеп бойынша ерекшелігі бар, физиологиялық немесе, психологиялық жағына ауытқушылығы бар балаларды анықтап, тізімін жасау.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т Сынып жетекшілер Психолог	Мәлімет.
9	Ерекше білім алатын балаларды ПМПК тексеруден өткізуді ұйымдастыру.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Қадағалау.
10	Үйден оқитын ерекше білім алатын балаларының тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында акт жүргізу	Жылына екі рет	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т психолог.	АКТ

11	«Тамақтану мәдениеті» баяндама 8-11 сынып»	04.10.23	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т медбике Оспанова Н.	Анықтама
12	«Буллинг және кибербуллинг» тренинг	20.10.23	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Анықтама
13	«Отбасылық құндылықтар» тақырыбында орта буын санаптарында эссе жазу.	25.10.23	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т сынып жетекшілер	Анықтама
14	«Мектеп асханасы» оқушыларға сауалнама 5-11 сынып оқушылары»	06.11.23	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Анықтама
15	Ерекше білім алатын балаларға арнап, спонсор көмегімен жаңа жылдық сыйлықтар тарату.	22.12.23	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТЖО Шабиқова Д.Т.	Анықтама
16	Ерекше балаларды мектепшілік іс-шараларға, қоғамдық жұмыстарға тарту.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Қадағалау.
17	«Дос болайық бәріміз» танымдық сабақ 1-3 сынып	11.01.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Анықтама
18	«Мамандықтың бәрі жақсы» Тренинг 8,9-сынып	22.01.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Анықтама
19	Ерекше білім алатын оқушылар сыныптастарымен жасаған шығармашылығынан «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыбында көрмесі	12.02.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Анықтама
20	Мектеп оқушылардың сабақтан тыс үйірмелерге қатысуын қадағалау.	Ай сайын	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТЖО Шабиқова Д.Т.	Қадағалау.
21	«Жақсылық жасап жарысайық» қайырымдылық шаралары.	21.02.23	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТЖО Шабиқова Д.Т.	Анықтама

22	ЖҚТБ (СПИД) зардабы Сабақтан тыс түсіндірме сабақ. 8-11 сыныптар.	23.02.23	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т  медбике Оспанова Н.	Анықтама
23	«Мейірімді жүрек» мектеп оқушылары Қайырымдылық акция	26.02.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т психолог, Ермекбаева Д.Т. сынып жетекшілер	Анықтама
24	Өгей әке, өгей аналармен тұратын оқушылармен жұмыс: -Сабақтан тыс үйірмелерге спорттық секцияларға, үйірмелерге қатысымы. -Ата-анасымен жеке әңгіме жүргізу -Оқушылардың үйіне барып рейд жүргізу	Уақытында	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТЖО Шабикова Д.Т.	Қадағалау
25	«Ерте жастағы жүктіліктің алдын алу» мектептегі қыз балалармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу	14.03.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т психолог, Ермекбаева Д.Т.  медбике Оспанова Н.	Анықтама
26	Өгей әке ата-анамен тұратын оқушылардың үйлерін аралау.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТЖО Шабикова Д.Т  Сынып жетекшілер	АКТ
27	«Оқушы көзқарасын анықтау» сауалнама жүргізу 5-11 сыныптар.	05.04.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Анықтама
28	«Мейірімді болса жүрек-орындар тілек» тренинг 4-5сыныптар	10.04.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Анықтама
29	Оқушылардың мектеп жағдайындағы құқығын қорғау, қажетті білім-тәрбие алуын, дұрыс тамақтануын қадағалау	Ай сайын	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТЖО Шабикова Д.Т	Қадағалау

30	«Тамақтану мәдениеті дегеніміз не?» Баяндама, слайд 1-4 сынып»	10.05.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т Медбике Оспанова Н.	Анықтама
<b>III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс</b>				
31	Үйде оқытылатын оқушылардың үй жағдайына зерделеу жұмыстарын жүргізу, ата-аналарына психологиялық педагогикалық әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу.	Жылына екі рет	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т және комиссия құрамы	Акт
32	Мектепшілік есепте тұратын қиын және құқықбұзуда бейім оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстармен жұмыс. (болған жағдайда)  Әлеуметтік- тұрмыстық жағдайына зерделеу жүргізу.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТЖО Шабикова Д.Т  Психолог Ермекбасва Д.Т.	Тізім
33	Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепшілік және қала сыртындағы лагерьде демалуын қамтасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру	Уақытында	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТЖО Шабикова Д.Т	Оқушы құжаттарын жинау
<b>IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы</b>				
34	Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың үйлеріне барып зерделеу жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т  ДТЖО Шабикова Д.Т  Сынып жетекшілер	Қадағалау
35	Сабақтан себепсіз қалып кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссияға ұсынылған оқушылармен (бар болған жағдайда) психологиялық педагогикалық, әлеуметтік жұмыс жүргізу.	Үнемі	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т  ДТЖО Шабикова Д.Т	Қадағалау

			Сынып жетекшілер	
<b>V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс</b>				
36	Жалпы ата-аналар туралы мәлімет жинау, отбасының әлеуметтік статусы, ата-аналардың білімі, әлеуметтік жағдайын анықтау.	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТДЖО Шабикова Д.Т	Мәлімет
37	Ата –ана жиналысына қатысу «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасы	27.12.22	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т  ДТДЖО Шабикова Д.Т	Анықтама
38	Аудандық әкімшілік, және қалалық жұмыспен қамту орталығымен байланыста болып, АӘК алушы отбасылардың тізімін тоқсан сайын алып отыру, оқушыларды анықтау.	І.ІІ.ІІІ тоқсан	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т  ДТДЖО Шабикова Д.Т	Бақылау жүргізу
39	Отбасына әлеуметтік-психологиялық кеңес беру(камқоршы ата-ана, үйден оқитын ерекше білім алатын балалардың ата-аналары үшін)	Уақытында	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТДЖО Шабикова Д.Т психолог Ермекбаева Д.Т.	Кенес беру
<b>VI. Диагностикалау-талдау қызметі</b>				
40	Оқушылардың отбасындағы қарым қатынасты нығайту мақсатында көпбалалы отбасыларымен «Бақыты Отбасы» фестиваль	17.05.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Анықтама
41	Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі	мамыр	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Есеп беру
42	Келесі жаңа оқу жылына жоспар құру	мамыр	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Жоспар әзірлеу



## 2023-2024 оқу жылы

### Ақкемер жалпы білім беретін орта мектебі бойынша әлеуметтік педагогтің жылдық жұмыстарының қорытынды есебі.

#### Әлеуметтік педагогтің жұмысының мақсаты:

- ✓ оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

#### Әлеуметтік педагогтің міндеттері:

- ✓ балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- ✓ оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- ✓ тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- ✓ оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндетін атқарады;
- ✓ аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
- ✓ ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасайды;
- ✓ тұл жетім, қамқорлықтағы және қорғаншылықтағы балалармен жұмыс жүргізеді
- ✓ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;
- ✓ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.

#### Әлеуметтік педагогтің жұмыстарын ұйымдастыруда негізгі нормативтік құжаттар басшылыққа алынды

- Нормативтік-құқықтық құжаттар (мәлімет үшін жіберілген)
- Жұмыс жоспары
- Мектептің әлеуметтік төлқұжаты.
- Оқушыларды ыстық тамақпен қамту бойынша құжаттама.
- Тегін тамақтандыру бойынша айлық есеп беру журналы.
- Асхана жұмысы бойынша шағымдар мен ұсыныстар кітабы.
- Асхананың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын тексеру актілері мен хаттамалары.
- Жеңілдік санатындағы балаларға материалдық көмек беру ведомості.

- «Мектепке жол», «Қамқоршылық» қайырымдылық акциялары бойынша құжаттар (есепшоттар, анықтамалар, хат алмасу және басқа құжаттар).
- Мүмкіндігі шектеулі балалардың құжаттары (мүгедектер, инклюзив).
- Жетім, ААКҚ балалардың жеке іс-қағаздары.
- Жаппай оқыту бойынша Кеңес жұмысы.
- Жаппай оқыту бойынша Кеңес комиссиясы отырыстарының хаттамалары.
- Оқушыларды тегін тамақпен қамту туралы ақпарат
- «Аз қамтылған отбасылардағы балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік қызметі бойынша құжаттар

**2023-2024 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, мектепшілік әлеуметтік паспорты бекітілді.**

Оқушылардың мектепке дайындығын сынып жетекшілер мен әкімшілік тарапынан саралау жүргізілді. Зерделеу барысында 22 оқушының ата-анасынан мектепке дайындық барысында көмек көрсету бойынша өтініш түсті.

<https://www.instagram.com/p/Cw1p51oo7Mr/?igsh=MTR1czA5OXdxGd2dg==>

Ақкемер ЖББОМ әлеуметтік желісіне «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы аясында қолдау көрсетуге жариялымдар салынды.

**2001** жылғы түлектер 30 000 теңге

**2003** жылғы түлектер-100 000 теңге

Жеке кәсіпкері Қалдыбаева Мира 30 000 теңге

Мектебіміздің түлегі **Нурғалиев Данат** 13 000 теңгеге оқу құрал

Жеке кәсіпкер **Бұхарбаева Бибіжамал апай** 20 000 теңге

Мектебіміздің түлегі **Сүлейменов Бақытбек** 10 000 теңге

«**Іскер әйелдер**» қауымдастығының жетекшісі, блогер Қосанова Айгерім 10 000 теңгеге бір оқушыға спорттық киім

Мектебіміздің түлегі **Кашкинбаев Жанболат** екі қорап дәптер және бір қорап қалам

**Элеватор** 50 000 теңге

Ауыл әкімшілігімен ұсынысымен **ИП «Әуезова»** даму мүмкіндігі шектеулі 7 оқушыға сумка және оқу құрал алып берді.

Ақкемер ЖББОМ 62 000 теңге

Ауылымыздың элеваторы 50 000 теңге қаржылай көмек көрсетті.

<https://www.instagram.com/p/C0MaoGYIRVJ/?igsh=MWQ4YjdnaW16MzZlbg==>

2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптар бойынша 149 оқушы, жекеленген санат бойынша 6 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

Асхана сыйымдылығы- 60 орындық

Қазіргі таңда асхананың техникалық жабдықталуы орташа деңгейде, аудандық білім бөліміне қосымша жабдыққа сұраныс берілді.

Мектеп асханасында 3 қызметкер жұмыс жасайды, атап айтқанда 1 аспазшы, 1 ыдыс жуушы, 1 еден жуушы.

Медициналық кітапша және жұмысқа жарамдылық рұқсаты асхананың барлық қызметкерлерінде бар. Асхананың санитарлық жағдайы жақсы, ылғалды жинау

ыдыстар өз орнында, еден жуылған, асхана іші таза , тазалығы үнемі қадағалануда.

Асхананы жалға алушы Кисекова Г азық-түлік сертификаттары ұсынылған. Азық-түлік кестеге және сұранысқа байланысты әкелінеді. Мектеп медбикесі күнделікті астың сапасы тексеріп, іріктемелер алады. Әр айдың соңғы аптасында бракеражды комиссиямен тексеріс жүргізіледі.



<https://www.instagram.com/p/CySaIMsImxw/?igsh=cGprOTFsZGF6Mmls>

Қазан айының 4-і күні 8-11 сынып оқушыларына мектеп медбикесі Н.У.Оспанова және әлеуметтік педагог В.Т.Кужаньязова «Тамақтану мәдениеті дегеніміз не?» тақырыбында баяндама оқыды. Тақырыпқа сай оқушылар сұрақтар қойып, ойларымен бөлісіп отырды



<https://www.instagram.com/reel/C11uidDI2xQ/?igsh=dzR0NTh1bjk0cnVj>

5 сынып оқушыларына «Кибербуллинг зардаптары» тақырыбында әлеуметтік педагог В.Т.Кужаньязова және мектеп психологі Д.Т.Ермекбаева бірлесіп оқушыларға слайд арқылы түсіндіріп, ақпарат беру жұмысын жүргізді. Яғни,

Кибербуллинг (электрондық кеңістікте қудалау, онлайн қатыгездік) – бұл өзін-өзі қорғай алмайтын құрбанға қарсы бағытталған, электрондық жолмен әрекеттесу жолдарын қолданумен жалғыз немесе бір топ адам жүзеге асыратын ұзақ уақыт бойы жүйелі қудалаудың, қасақана агрессияға толы әрекеттердің бір түрі екендігі. Бұл смс-хабарламалар, әлеуметтік желілер, абыройды төгетін веб-парақшалар ашу немесе қорлайтын, тіл тигізетін бейнеконтент жариялау арқылы, т.б. жолдармен жасалатындығы түсіндіріліп, «Кибербуллинг дегеніміз не?» атты видеоролик көрсетілді.



Қазан айының 11-і күні арнайы құрылған комиссия мүшелері өгей ата-анамен тұратын оқушылардың үйлеріне тұрмыстық жағдайын зерделеу мақсатында жұмыс жүргізілді. Зерделеу барысында оқушылардың өгей әкелерімен қарым-қатынасының және тұрмыстық жағдайлары жақсы екендігі анықталды. АКТ жасалып, комиссия мүшелерімен растап қол қойылды.



Қазан айының 25-і күні 5 сынып оқушылары «Отбасылық құндылықтар» тақырыбында эссе жазды. Мақсаты: жас ұрпақты адамгершілік-рухани дамытуда отбасының тәрбие мүмкіншіліктерін пайдалану арқылы отбасы құндылықтарының рөлін насихаттауға және бекітуге мүмкіншілік ету.

Жазылған эсседен, оқушылар өз отбасыларының құндылықтарын атай білетіні және отбасыларына деген сүйіспеншіліктері, сыйластығы байқалды.



1-11 сыныптар арасында әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен «Мектеп асханасы» атты әлеуметтік сауалнама жүргізілді.

**Мақсаты:** Мектеп асханасының жұмысы туралы оқушылардың пікірлерін білу; Дұрыс тамақтану саласындағы оқушылардың сауаттылық деңгейін білу; Мектеп асханасының кемшіліктерін анықтау.

Сауалнамада барлығы 6 сұрақ. Оқушылар өз ойларын нақты көрсете алды.

[https://www.instagram.com/reel/C1ZHYB\\_AHdF?igsh=MWdnejkvejRlMTZx](https://www.instagram.com/reel/C1ZHYB_AHdF?igsh=MWdnejkvejRlMTZx)

Жаңа жылдық мерекеге орай аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасы балаларына Мұғалжар ауданы әкімі Дархан Жанасханұлының және Ақкемер ауылдық округінің әкімі Дамир Мәлікұлының атынан сыйлықтар табысталды.



<https://www.instagram.com/p/C2rNCPdId3u?igsh=MWthMGc3ZmdvbWc3dw==>

Қаңтар айының 23-і күні 3 сынып оқушыларымен «Дос болайық бәріміз» танымдық сағаты өткізілді.

**Мақсаты:** оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым – қатынасын нығайту; оқушыларды өзіншілдіктен, менмендіктен тағы басқа жаман әдеттерден аулақ жүруге үйрету, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу; оқушылардың адамгершілік қасиетін, бір-біріне деген достық сезімдерін нығайту.

Сынып сағаты барысында «Жоғалған зат», «Көңілді шеңбер» «Есте сақта және тап» ойындары ойнату арқылы оқушылардың адамгершілік қасиетін, бір-біріне деген достық сезімдерін нығайтылды.



<https://www.instagram.com/reel/C2zdf5Uo8Gz/?igsh=YnpuZmNzYXEydm54>

ҚР профориентолог ассоциациясының мүшесі, үздік профориентолог Глеулина Жемискул Женисқызы мектебіміздің 9-11 сынып оқушылары және ата-аналарымен кәсіби бағдар беру, жеке консультация беру мақсатында кездесу сағатын өткізді. Оқушылар тандаған болашақ мамандықтары, Жоғары оқу орнына түсу жолдары, ҰБТ-дегі өзгерістер бойынша сұрақтарына жауап алды.

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыбында «Психомоториканы дамыту» жаттығулары ұйымдастырылды. Материал мектеп психологімен әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен, оқушылардың қарым-қатынасын нығайта отырып, бір-біріне жағымды көңіл-күй сыйлау, мақсатында негізделіп құрылған. Жұмыс жасау барысында оқушылар белсенділік танытып орындады.

Оқушыларға тапсырмалар қызықты болды, кейбір оқушылар тапсырма барысында ерекше білім алатын оқушылармен бірге жан-жақты араласып ұйымшылдықпен орындады. Оқушылар ортаға шығып тапсырмаларын топпен орындап шықты.





Мектеп оқушыларының сабақтан тыс үйірмелерге қатысуын мектеп әкімшілігі тарапынан ай сайын қадағаланып тұрды.

<https://www.instagram.com/reel/CxptUI-oDj7/?igsh=MTN4MzloYW85ajlIdg==>

Қазан айында «Қоғамға қызмет» тақырыбында, «Жақсылық жасап жарысайық» қайырымдылық жәрменкесі өткізілді. Жәрменкеге ерікті ата-аналар қатысып, өз қолдарымен дайындаған дайын өнімдерін арзан бағада ұсынды. Жәрменкеден түскен қаражат қамқоршылық кеңестің шешімімен Қуандық Сәбитке ноутбук алуға жинақталады. Белсенділікпен қатысқан ата-аналар мектеп директорының алғыс хатымен марапатталды.



<https://www.instagram.com/reel/C1FXLCCIEIE/?igsh=aW95ZmQ5azQxZGZi>

Ақпан айының 23-і күні 8-11 сынып оқушыларымен «ЖҚТБ зардабы» тақырыбында мектеп медбикесі Н.У.Оспанова мен әлеуметтік педагог В.Т.Кужаньязова кеңес беру жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты:Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын,өмір сүру қажеттілігін,бағалы байлық екенін түсіндіру; гигиеналық мәдениетті қалыптастыру;балаларымыз сұлу да сымбатты денсаулығы зор,күшті болу үшін денені шынықтыру,оларға спортпен айналысуының қажет екендігін түсіндіру.

Іс-шара барысында оқушыларға ғасыр іңдеті туралы мағлұмат беріп, пікір алмасты.Тақырыпқа сай оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп.



<https://www.instagram.com/reel/C3rubOjg7Iw/?igsh=cmF4b244Zjd1bjk3>

Ақпан айының 21-күні «Қоғамға қызмет» жобасы аясында «Ізгілік бесігін тербеткен аяулы жан» тақырыбында қайырымдылық концерт ұйымдастырылды.

Акцияның мақсаты : ерекше білімді қажет ететін балаларға және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған балалардың өзге де санаттарына әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету.

Шара барысында мектеп директоры Буркуталинка А.Т. қолдау көрсеткен барлық қайырымды жандарға алғысын білдіріп, оқу жылының басынан ұйымдастырылып келген қайырымдылық шаралардан түскен қаражатқа ерекше білімді қажет ететін 6-сынып оқушысы Қуандық Сәбитке ноутбук сыйға тарту етті.

Кеш «Қоқыстағы бесік» тақырыбында тәрбие тал бесіктен деген ерекше мағыналы монологымен басталып, мектеп жанынан құрылған театр оқушыларының көрінісімен ерекшеленіп, ән және бимен жалғасын тапты. Ең әсерлі кез, мектеп жанынан құрылған «Самға» хор үйірмесінің «Ана» әнімен және әрқашан бейбітшілік заманымызда көк туымыз желбіреп, бақытты балалар мен бесігін тербеткен аналар болсыншы деген мағыналы көрініспен аяқталды.





<https://www.instagram.com/p/C5OTLlugCTb/?igsh=azV5OHdqOXJhbWfk>

Наурыз айының 11-і күні 7-10 сыныбының қыз балаларымен «Ерте жүктіліктің алдын алудың өзекті мәселеге айналуының себеп-салдары» тақырыбында баяндама оқылып, видеоролик көрсетілді. Баяндама барысында оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, түсіндерме жұмыстары жүргізілді. Видеоролик мазмұнына байланысты әлеуметтік педагог, медбике және мектеп психологі ашық әңгіме жүргізді.



Өгей ата-анамен тұратын оқушылардың үйлерін аралап, зерделеу жүргізілді. Зерделеу барысында оқушылардың ата-аналармен қарым-қатынасы жақсы, сабақ оқитын орны және жеке жатын бөлмелері бар. Барлық жағдайы қарастырылған.



Сәуір айының бесі күні «Отбасы мен ата аналары бала көзімен» тақырыбында сауалнама алынды.

Мақсаты: оқушылардан сауалнама ала отырып, өгей ата-анамен тұратын оқушылардың отбасы туралы көз қарасын анықтау және бақылауға алу.

Сауалнамада бес сұрақ беріліп, балалар ойларын еркін жеткізді. Ата-аналары туралы ойларын ашып жазып, отбасына деген сүйіспеншіліктерінің себебін көрсетті. Жәнеде отбасында қандай өзгерістерді қалайтындарын жазып, қарым-қатынастарының деңгейін ашып көрсете білді.



Сәуір айының төрті күні «Мейірімді болса жүрек-орындар тілеу» тақырыбында 4-5 сынып оқушыларымен тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылармен ойындар ұйымдастырылып, бір-біріне деген ықылас-тілектерін білдірді. Қиындылар арқылы ана сөзін құрастырып, аналарына деген сүйіспеншіліктерін білдірді.



<https://www.instagram.com/p/C37xrv1ICBI/?igsh=MWQweHV2MG1mYjM5bQ==>

Асхананың санитарлық жағдайы, азық-түлік сапасын тексеру, тамақты дайындау технологиясын, асхананың тоңазытқыш-технологиялық жабдықтары, дайын тамақтар мен азық-түліктің сақталу талаптарының орындалуын мақсатында тексерілді.



Мектеп бойынша ерекше білімді қажет ететін балаларды ПМПК тексеруінен уақытылы өткізіліп отырылады.

[https://www.instagram.com/reel/C63IVNDIo9\\_/?igsh=MWI2bXY5YnhjcmxvYg==](https://www.instagram.com/reel/C63IVNDIo9_/?igsh=MWI2bXY5YnhjcmxvYg==)

"12 мамыр- Аналар күні" мерекесіне орай "Бақытты шаңырақ- кемел болашақ" тақырыбында фестиаль өткізілді.

Шара барысында аналарға арналған әндер орындалып, көрініс қойылды. Көп балалы отбасы балалары хор орындап, отбасы тақырыбында әндер орындады. Жыл бойы шараға қатысқан әр түрлі категориядағы оқушылары мектеп директорының алғыс хатымен марапатталды.



Қала сыртындағы лагерьлерге оқушылардың өтініштері және құжаттары дайындалады.

7 а сыныбының оқушысы Тілес Ернұр Алматы қаласындағы «Физика,математика,информатика» мектеп- интернатына лагерьге жіберілді.

5-8 сыныптар бойынша үздіктер арасынан 2 оқушы, көпбалалы отбасынан 2 оқушының құжаты жинақталып, ата-аналарымен түсініктеме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар қала сыртындағы «Шұғыла» жазғы лагерьіне маусым айының 5-і күні барады.

Ақтөбе қаласында ұйымдастырылған «Талант тур» екі күндік демалысқа атаул әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан Досқалиева Аруна мпен көпбалалы отбасы оқушысы Сақтаганова Фариза жіберілді.

Қала сыртындағы ұйымдастырылатын лагерьлерге кезең-кезеңімен оқушылар жіберілетін болады.

Әлеуметтік педагог:

В.Т.Кужаньязова